

АТМОСФЕРА





Мақта қыз бен  
мысық

# Мақсаты:




“Атмосфера” тақырыбы бойынша оқушылардың білім-біліктерінің меңгерілуі және мүмкіндік деңгейін анықтау. Оқушылардың атмосфера үнемі өзгеру үстінде екендігі жайлы дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырып, олардың білімдерін жүйелеу және қорытындылау. Әр түрлі білім көздерімен жұмыс жасауды әрі қарай дамыту, дүниетанымдық қабілеттерін дамыту, белсенділіктерін арттыру, танымдық қызығушылықтарын жетілдіру.

Экологиялық тәрбие беру, ауаны қорғауға, қастерлеуге тәрбиелеу. Халықтық Этнопедагогика элементтері арқылы ұлттық сана-сезімдерін ояту.



Жоспар:

- 
1. Сұрақ-жауап
  2. Ауа-райы туралы болжамдар
  3. Теңге ілу
  4. деңгейлік тапсырма
  5. Мақал-мәтел

# Сұрақтар:



## 1-топқа:


1. Жердің ауа қабаты?
2. Адамның және жануарлардың тыныс алуы үшін не қажет?
3. Оттегіні бөліп шығарушы?

## 2-топқа:

4. Ауаның құрамы?
5. Ауаның құрамындағы бөгде заттар?
6. Ауа райын зерттейтін ғылым?

## 3-топқа:

7. Ауаның құрамында оттегі қанша %?
8. Атмосфераның төменгі қабаты қалай аталады?
9. Атмосфералық қысымды анықтайтын құрал?



## Қазақтың ауа райы туралы болжамдары

1-топ:

- Торғайлар топталып ,қайта-қайта ұшып-қонып, бүрісіп сілкіне берсе .....
- Бақа кешқұрым көп бақылдаса ертең.....
- Егер қойлар қыстың күні қораға еркін кірсе .....

## 2- топқа:



- Күн қызарып батса .....  
.....  
• ,күн сарғыш болып  
батса.....
- Егер жаңа туған ай шалқалап тұрса  
....., ал  
жаңа ай тік тұрса  
.....
- Қыста тауық ерте қонақтаса  
.....  
.....



### 3-топқа:



Құстар ертемен жем іздеуге асықса, .....  
Шағалалар өзен, теңіз бетінде ұшып жүрсе .....  
егер жиекте жүрсе .....  
.....  
белгісі.  
Балықтар су бетіне шығып, шоршып ойнай бастаса.....

..





## 1-деңгейлік тапсырма

1-топқа: 1)Оттегі, азот, көмірқышқыл газы(әр түрлі газдардың қосындысы)  
2) Бұрылыс, өзгеріс.(Атмосфераның төменгі қабаты)

1)Ауа, су буы, пайыз.(1метр квадрат ауадағы су буының мөлшерінің граммен есептелуі)  
2) Жер бетінің әр шаршы см-не 1кг 33 г салмақ,(ауаның жер бетіне түсіретін салмағы)

1)Теңіз жағалауында соғатын жел.(Бағытын тәулік ішінде екі рет өзгертеді)  
2) Құрылық пен теңіз арасында соғатын жел.(жыл ішінде ауысып тұрақты соғатын жел)

## 2-деңгейлік тапсырма

Тәуліктік орташа  
температураны  
табыңдар:

Сағ:10.00.(+12° C)

Сағ:13.00.(+17° C),

Сағ:19.00.(+15° C)

Айлық орташа  
температураны

табу:Шілде

1-5 ---(+30 ° C)

6-10---(+35 ° C)

11-15—(+25 ° C)

16-20---(25 ° C)

21-25---(30 ° C)

26-30—(30 ° C)

Жылдық орташа  
температураны  
табу:

Қ-4 ° C

А-2 ° C

Н-8 ° C

С-10 ° C

М-13 ° C

М-18 ° C

Ш-24 ° C

Т-21 ° C

Қ-12 ° C

Қ-8 ° C

Қ-6 ° C

Ж-13 ° C





### 3-деңгейлік тапсырма

1-топқа

Жаяу жүргінші соқпақ жолмен ағаш көпір арқылы өтіп, диірменге келді, одан кейін мектеп жанында біраз тынығып, жыраны айналып өтіп, жеке тұрған ағашқа жетті.

Жаяу жүргінші соқпақ жолмен .....арқылы өтіп,.....келді, одан кейін ..... жанында біраз тынығып, .....айналып өтіп, .....жетті.




### 3-деңгейлік тапсырма

2-топқа

Оқушылар жеміс бағынан жеміс жинап болған соң, құм төбелерден асып, тас жолды бойлап мектепке жетті

Оқушылар .....жеміс жинап болған соң,..... асып, .....бойлап ..... жетті..



### 3-деңгейлік тапсырма

3-топқа

Саяхатшылар

тас жолды

бойлап, ағаш

көпірден өтіп,





жалғыз

бұта , шалғын

арқылы жүріп

қалаға жетті.

Саяхатшылар .....  
бойлап,.....  
өтіп,.....  
.....  
арқылы жүріп.....  
жетті.



# Мақал-мәтелдер

1) “Нулы, сулы  
болмаса, .....  
боларма ма?”

2) “Қаз, үйрегі  
болмаса,  
..... болар  
ма?”

3) “Дуадағы болмаса,  
..... болар  
ма?”

4) “Орман, тауы  
болмаса, .....  
болар ма?”

5) “Көк шалғаны  
болмаса, .....  
болар ма?”

6) Батаменен ел  
көгерер,.....  
.....



Қазақ халқының ауа-райына  
байланысты астрономиялық атаулы  
күндері:

Наурыз айының 26-28-і «Құс қанаты» Қайтқан құстың сусылдаған қанатының ызғарынан ауа-райы суытып, жапалақтап қар жауады. Бұл **соңғықар болады.**

-«Қызыр қамшысы»-сәуірдің 17-19-ы күндері ауа-райы суытып жаңбыр жауады да,жерімізге келген адал құстар ұя басуға жатады.

-«Тобылғы бүршіктенер» - көктемнің екінші сәуірдегі амалы. Алғаш күн күркірейді. Осы айдың 25-27-сі кезеңдерінде тобылғы бүршік жарып, ауа-райы салқындайды. Және т.б.